

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық
кеңестің жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D021300/8D02314 – «Лингвистика») бағыты бойынша педагогтарды даярлау (8D02314 – «Лингвистика) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстың саны туралы мәліметтер.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D021300/8D02314 – «Лингвистика») бағыты бойынша педагогтарды даярлау (8D02314 – «Лингвистика) мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесінің 2023 жылы 10 отырысы өткізілді (01.01.2023-31.12.2023).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орнынан көрсетілген докторанттардың тізімі.

1. *Шохаева Карлыгаш Нурлановна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
2. *Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызы*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
3. *Котлярова Ирина Васильевна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
4. *Байсыдық Индира Болатбекқызы*, Абай атындағы ҚазҰПУ.
5. *Койлыбаева Раушан Қуанышовна*, Абай атындағы ҚазҰПУ.

4. Есеп беру жылы бойынша диссертациялық кеңес келесі бөлімдерін бөліп қарағаны туралы диссертациялық жұмыстардың қысқаша талдауы:

Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы».

Мамандық: 6D021300 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., доцент Н.Ә.Ильясова, ф.ғ.д., профессор Зеки Каймаз.

Қорғау 2023 жылдың 15 маусымда өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- іскери қатынастағы сөйлеудің мәнін анықтайтын риторикалық категориялар айқындалып, функционалдық талдау түрлері көрсетілді;

- іскери қатынастағы сөйлеу мәдениеті мен сөз әдебі қарым-қатынас мәдениетін айқындайтын факторлар ретінде айқындалды;

- іскери қатынастағы сөйлеудің психоэмоционалдық, индикативті, сигнификатты, атауыштық (номинативті), танымдық (гностикалық) функциялары айқындалды;

- іскери қатынастағы сөйлеудің прагматикалық және стильдік өлшемдері анықталды;

- іскери қатынастағы сөйлеу түрлерінің (ауызша, жазбаша, қосталған) прагмастилистикалық ерекшеліктері айқындалды.

2) *«Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.*

Зерттеудің негізгі идеясы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы №1045 қаулысымен бекіткен «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 2.1 тармағы «Білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру» 2.4 тармағының «Мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру» мазмұнымен сәйкес келеді.

3) *Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибінде қолдануды ендіру деңгейін талдау.* Теориялық және тәжірибелік мәселелері нақты сабақтастықта жүйеленген зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған «Іскери коммуникация», «Коммуникативті грамматика», «Риторика» пәндері бойынша өтетін арнаулы курстарда кеңінен пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі идеясы прагмалингвистика, дискурс, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвостилистика, прагмастилистика, мәдениаралық коммуникация, ағылшын және қазақ тілдерінің лексикологиясы бағытындағы ғылыми зерттеулерге үлес қосады.

Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Дипломатиялық дискурстың коммуникативті- прагматикалық аспектісі».

Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор А.Тымболова, ф.ғ.д., профессор Аһмет Бұран.

Қорғау 2023 жылдың 15 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- Дипломатиялық тіл – ресми және публицистикалық стильді қатар ұстанатын, стандартты және риторикалық заңдылық бойынша пара-пар қызмет атқаратын жүйе.

- Кәсіби дипломат Қ.Тоқаевтың тілі – шешендік дипломатияның үлгісі. Себебі дипломаттың халықаралық келіссөздерінде де, мемлекетішілік сөйлеген сөздерінде де ресми стиль мен бейнелі, көркем, иррационалды сөзқолданыстары тең дәрежеде кездеседі. Қ.Тоқаевтың авторлық нақыл сөздерінде татулық, бірлік, ынтымақ, құндылық ұғымдары концептуалданған. Демек, қазақ дипломатиясының тілі – үстем тіл емес, керісінше толерантты тіл.

- Дискурс дегеніміз – прагматикалық мүддені жүзеге асыру мақсатында коммуникациялық қызметті атқаратын тілдесу әрекеттерінің жиынтығы. Дипломатиялық дискурс – институционалды дискурстың құрамдас бөлігі.

- Дипломатиялық коммуникацияны құрайтын белгілер дипломатиялық стратегия мен тактика қалыптасқан. Дипломатиялық қатынаста коммуникативтік үдеріске қол жеткізетін екі тактика бар: біріншісі – білім – өзара тілдесудің, диалог жасаудың негізгі дәнекері болатын форма.

- Қазақ дипломатиялық дискурсының ерекшелігі – татуластық. Қазақ дипломатиясының тарихын зерттеу нәтижесінде қазақтар татуласуға, ымыраласуға ұмтылады.

- Қазақ дипломатиясының прагматикалық амалдары: тыңдаушыға әсіре жағымды қаратпамен әсер ету (тілдік нұсқада – мархабат қаратпалар; бейтілдік нұсқада – мейірімді жымыс), логикалық дәйектілікке қол жеткізу, психологиялық бетбұрыс жасау, ынталандыру, тыйым салу, сендіру, ой тастау, психологиялық шабуыл жасау.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеудің негізгі идеясы мен теориялық тұжырымдар мен талдау нәтижелері халықаралық қатынастар пәнінен, қазақ дипломатиясының тілі пәнінен, дискурс теориясы пәнінен дәріс беруде, дипломаттың тілдік тұлғасын зерттеу барысында көмекші құрал бола алады. Зерттеу нәтижелері «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыруға септігі тиеді.

3) Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау. Зерттеу барысында ұсынылған талдау үлгілері, талдау нәтижелері, дипломатиялық терминдердің семантикалық талдануы, дипломатиялық тілдің лексикалық қабатын құрайтын бірліктер, дипломатиялық шешен сөздер жинағы, дипломатиялық перифразалар мен бейнелі окказионалды сөзқолданыстар, дипломатиялық клишелер мен комплиментарлы лексика, дипломатиялық бейресми іс-шаралар атауы, дипломатиялық құжат атауларының тізімі, дипломатиялық бейвербалды

амалдар атауы, қазақтың дипломатиялық дискурсының тезаурусы қазақ тілінің сөздік қорын байытуға, қазақтың дипломатиялық тілін жетілдіруге, ресми стильдің қызметін түрлендіруге, ауқымын кеңетуге, дипломатиялық терминдер сөздігін толықтыруға елеулі үлес қосады.

*Котлярова Ирина Васильевна*ның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» эмоционалдық концептілерінің дамуын парадигматикалық модельдеу».

Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Л.Қ.Жаналина, ф.ғ.д., профессор Н.Д.Голев.

Қорғау 2023 жылдың 19 маусымында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– тілдің интегративті және полипарадигмалды түсінігі дамыған отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары мен идеялары жүйеленген;

– «сағыныш», «уайым», «қайғы-қасірет», «қайғы» концептілерінің филогенетикалық 4 когнитивті-номинативті парадигмалары құрастырылып, сипатталды;

– сөз тіркестерінің, парадигмалардың когнитивті толық емес изоморфизмі, сондай-ақ жаңа интеграцияланған концептілер жоғары өнімділігі анықталды;

– синонимияның когнитивті-номинативті парадигманы құрылымдауда ұқсастықтар ұстанымы негізінде жанды және жансыз табиғат метафораларында рәсімделген мәдени кодтар жүйесін көрсету ретінде қатысуы анықталды.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеудің ғылымның барлық бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.

3) *Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.*

Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері іс-тәжірибиеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында оқытылатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сынды

пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, сонымен қатар теориялық әрі практикалық және семинар сабақтарында пайдалануға болады.

Байсыдық Индира Болатбекқызының диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері».

«Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.д., профессор Қ.Б.Күдерина, ф.ғ.д., профессор Сулейман Каан Ялчынт (Süleyman Kaan YALÇIN).

Қорғау 2023 жылдың 20 қыркүйегінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

Мінез ұғымы адамтану ғылымдары, оның ішінде алдымен психология тұрғысынан зерттелгендіктен мінездің темпераментпен, құлық, қылық, адам еркімен байланысты ерекшеліктері, мінездің психолог ғалымдар анықтаған тұжырымдары қарастырылды. Зерттеудің дереккөзі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2001 – 2013 жылдары арасында зерттеген, жинаған, құрастырған және сөздік, концептілік деңгейде жүйелеген, профессор Нұргелді Уәлидің жетекшілігімен және редакторлығымен жасалған «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты онбестомдық түсіндірме сөздігінен қазақ тіліндегі адам мінезін сипаттайтын атаулар, сөз тіркестері және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер жиналды. Бірліктер адам мінезінің жағымды және жағымсыз сипатын білдіретін атауларға топтастырып, жағымды мінезді танытатын концептілер тілдік репрезентанттарының көбінен азына қарай орналастырылып, талданды. Дәл сол сияқты қазақ тіліндегі жағымсыз сипатты білдіретін атаулар лексика-семантикалық топтарға бөлініп, тілдік бірлігі көп топтан аз топқа қарай орналастырыла сипатталды. Қазіргі қазақ күнделікті сөйлеу тілінде қолданылатын мінез атауларының көрінісін байқау үшін 500 адамнан сауалнама алынды. Қазіргі жиі бағаланатын мінез түрлері анықталды. Сондай-ақ қазіргі жазба мәтіндерде, әртүрлі стильде кездесетін мінез атаулары «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» (2016 ж.) бойынша жиілігі көбінен азына дейінгі алғашқы 100 бірлік анықталып, себебі шығарылды.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған

талаптарға, білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келеді.

3) Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Мінез атауларына қатысты талдау жұмыстарын ұйымдастыруда, лексикографиялық курстарда, мәтін стилистикасында, тілдік қатынас, мәтін лингвистикасы, ұлттық корпусстың ішкорпустарын құрастыруда, семантикалық белгіленімдерін қоюда, қазіргі қазақ тілінің лексикология, фразеология бойынша дәріс оқуда, курс жұмыстары мен диплом жұмыстары үшін пайдалануға болады. Зерттеу барысында алынған сөз бірліктер қазақ тілінің түсіндірме, синонимдік сөздіктерін құрастыруда пайдалануға болады. Лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілерін қалыптастыруда өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарын орта білім берудегі мұғалімдер, әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілерінің оқушыларға мінездеме жазуында, оқушының тұлғалық сипатын беруде пайдалануына болады.

Койлыбаева Раушан Куанышовнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі».

Мамандық: 6D021300/8D02314 – «Лингвистика»

Ғылыми кеңесшілері – ф.ғ.к., профессор М.Ә.Жүніс, PhD философия докторы, профессор Нергиз Бирай.

Қорғау 2023 жылдың 20 қыркүйегінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

– Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктері коммуникативтік аспектіде анықталды;

– Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәні айқындалды;

– Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталды;

– Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі талданды және отбасы дискурсының психолингвистикалық қыры мысалдармен дәйектелді.

2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы.

Зерттеудің негізгі идеясы қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік парадигма салаларының теориялық және практикалық мазмұнын жетілдіруге,

когнитивті лингвистика, дискурс теориясы, лингвоаксиология, лингвомәдениеттану т.б. бағыттарының теориялық базасын қалыптастыруға өзіндік үлесін қосады. Диссертацияның негізгі қорытындыларын, нәтижелері мен тілдік материалдарын білім алу үрдісінде мамандар даярлауда пайдалануға болады. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға, білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келеді.

3) Диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибиеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.

Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары тіл білімінің танымдық бағыттағы зерттеулерінің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ, дискурс ұғымының теориялық негіздемелерін дамытуға септігін тигізеді. Отбасы дискурсының тілдік, тілден тыс табиғаты зерделенді. Отбасы дискурсының лексика-семантикалық және лингвоаксиологиялық аспектідегі ерекшеліктері сараланды. Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында «Когнитивті лингвистика», «Дискурс теориясы», «Лингвоаксиология», «Отбасы дискурсы» сияқты пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, ғылыми курстар мен семинарларды жүргізуде пайдалануға болады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен бірге).

Диссертациялық жұмыстарға рецензенттер ретінде тіл білімі мамандығы бойынша республикадағы жетекші мамандар тағайындалды. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер және рецензенттердің тәуелсіздігі ескерілді.

Рецензенттер PhD докторлық диссертацияларға кәсіби тұрғыдан талдау жасады. Өз пікірлерінде рецензенттер зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық негізділігін баса көрсетіп, дәйекті қорытындылар жасалып, ескертулер мен ұсыныстарды тұрақты түрде беріп отырды. Диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Қорғалған диссертациялардың рецензенттері бойынша мәліметтер:

1. Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Манкеева Жамал Айткалиевна – ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.06);

Саткенова Жайна Бағашаровна – ф.ғ.к., доцент, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.02).

2. Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызының диссертациясы бойынша рецензенттер:

Базарбаева Зейнеп Муслимовна – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.20, 10.02.06);

Ислам Айбарша – ф.ғ.д., доцент,, Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.02, 10.02.19);

3. Котлярова Ирина Васильевнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Екшембеева Людмила Владимировна – ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.01);

Оналбаева Айгуль Тыныбековна – ф.ғ.д., профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.01).

4. Байсыдық Индира Болатбекқызының диссертациясы бойынша рецензенттер:

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы – ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.02);

Сағидолда Гүльгайша – ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. (мамандық шифры 10.02.06);

5. Койлыбаева Раушан Куанышовнаның диссертациясы бойынша рецензенттер:

Алкебаева Дина Акбергеновна – ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. (мамандық шифры 10.02.02);

Садирова Кулзат Каниевна – ф.ғ.д., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ. (мамандық шифры 10.02.02);

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Диссертациялық кеңес мәжілісіне ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- бітіруші кафедралар (университет бойынша және өзге де ЖОО бойынша) докторантура курсына аяқтаған докторанттардың жұмыстарын аяқтап, диссертациялық кеңес жұмысына ұсынуға ықпал жасау мәселесі ұсыныс ретінде ескертілді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны: 6D021300/8D02314 –

«Лингвистика» мамандығы бойынша диссертациялық кеңеске 2023 жыл бойынша 5 жұмыс түсті. Аталған 5 жұмыста жоғары дәрежеде қорғап, ғылыми-педагогикалық өндіріске жол тартты.

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарынан) – 5;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) – 0;

3) рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан) – 0;

4) қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ны докторанттарынан) – 0;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы

(қолы аты-жөні)

Есенова Қ.Ө.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

(қолы аты-жөні)

Жиренов С.А.

« 31 » желтоқсан 2023 жыл